

1941 ж. Балқашқа көшірілген Кольчугин түсті металдар заводы

Тарихы XIX ғасырдың II жартысынан басталып, 1918 – жылы Кеңестер елінің тарихында мемлекет меншігіне өткен тұңғыш мыс өндіретін өндіріс орны болған, Мәскеу қаласынан 170 шақырым жерде орналасқан - Кольчурино түсті металдар заводы 1941 – жылы майдан жақындағанда Орал мен Қазақстанға көшіріле бастады. Балқашта заводқа № 517 нөмірлік атауы берілді. Кольчурино заводының шығаратын өнімдері – мыс негізінде дайындалатын түсті металдар прокаттан гильзалар мен авиация өндірісі үшін өнімдер жасалатын. 1941 - жылдың жазында Балқашқа келіп қайтқан кольчугиндік делегация заводтың бір бөлігін осында көшіруге шешім қабылдап, 10 күн ішінде демонтаждалған завод құрылғылары тиелген алғашқы теміржол құрамы 19 - қазанда Балқашқа жол тартты.


НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ
ЦВЕТНОЙ МЕТАЛЛУРГИИ
СССР

УДОСТОВЕРЕНИЕ

... 20/11 1941 г.
№ 10-24

Дано тов. БОРИСОВУ В.М. в том, что он является Начальником эшелона эвакуируемого оборудования и работны в количестве 260 человек на завод № 517.

Эшелон следует до станции Вергис карагандинской железной дороги.

Наркомцветмет Союза ССР просит все хозяйственные, партийные и общественные организации оказывать тов. БОРИСОВУ В.М. полное содействие в скорейшем следствии эшелона до станции назначения и оказывать необходимую помощь эвакуированным товарищам в отношении питания.

ЗАМЕСТИТЕЛЬ НА ГОДЯЮГО
КОМИССАРА ЦВЕТНОЙ МЕТАЛЛУРГИИ
СССР

/С. РАГИНСКИЙ/

[Handwritten signature]

міе шежіресі Балқаш 75-ші станция астындағы қор

1941 ж. Балқашқа көшірілген Кольчугин түсті металдар заводы

жалғасы

Балқашқа жол 2 айға созылып, заводпен бірге оның 622 маман - жұмысшылары да қоса қоныс аударды.

1941 жылы желтоқсанда заводты Балқаш қаласына көшіру негізінен аяқталды да, оның жабдықтары жедел түрде құрастырыла басталды. Мәселен, 1928 – жылы неміс мамандары бірнеше айда орнатқан «Трио» прокат құюшы машинасы бар болғаны 12 күнде орнатылды. Осы жұмыстарды ұйымдастыру ісінің басында завод директоры Иван Ермолаевич Чаров, парторг Александр Федорович Евсеев, бас инженер Сергей Семенович Мироновтар тұрды. 1942-жылдың Қызыл Армия күніне орай №3 тілсем прокатын дайындайтын цех іске қосылып, Кольчугинодан жеткізілген шикізаттан прокат дайындай бастады. Осы жылдың ақпанының соңына қарай № 2 және № 3 цехтарында негізгі прокат дайындайтын цехтардың жабдықтарын құрастыру аяқталды.



А.Евсеев – соғыс жылдарындағы түсті металлар өңдеу заводы партия ұйымының жетекшісі



И.Шаров – көшірілген түсті металлар өңдеу заводы партия ұйымының жетекшісі



Түсті металлар заводының жұмысшылары.
1942 жыл.




1941ж. Балқашқа көшірілген Кольчугин түсті металдар заводы

жалғасы

1942 - жылдың 4 - наурызында завод алғашқы прокат өнімін берді. Осы жылдың аяғына қарай № 1 құю цехында 25 түрлі балқымалар құю игерілді. Ал қалайылы - фосфорлы қола сияқты балқыма КСРО - да тек осы № 517 заводта ғана алынатын. Жаңа мекенде завод өндірістен тыс өмірі де біртіндеп қалыпқа келе бастады. 1942 - жылдың көктемінен бастап заводтың ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін қосалқы шарушылық цехы іске қосылып, оның негізінде азық - түлікпен қамту және қоғамдық тамақтану жүйесі, Босаға шатқалында балық және мал өсіру шаруашылықтары құрылды. 1943 - жылдан бастап қосалқы шаруашылық арқылы ішінара балық, мал, шошқа еттері және т.б. ауыл шаруашылық өнімдерімен жұмысшыларды ғана қамтамасыз етіп қоймай, артық өнімдерді завод дүкені мен асханасында тарата бастады.

1942 - жылдың наурыз айында КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен қысқа мерзімде заводты іске қосуда ерекше көзге түскен 33 техник мамандар мен жұмыскерлер мемлекеттік наградалармен марапатталды.



«Трио» прокат станогін орнатудың аяқталу кезеңі




1941ж. Балқашқа көшірілген Колчугин түсті металдар заводы

жалғасы

Бас механик И.И. Дадонов, «Трио» станогінің слесарі П.С.Абрамов, құюшы П.В.Валиулин, қақтаушы В.В. Годуновтар Ленин орденімен, 4 адам – «Еңбек Қызыл Ту», 5 адам – «Құрмет белгісі» орденімен, 20 адам – «Еңбектегі ерлігі үшін» және «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталды. 1942 - жылдың сәуір айында заводтың Балқашқа жеткізілген барлық цехтары толық іске қосылды. Тұңғыш балқыманы ең жас балқытушы Н.М. Кузнецов, «Трио» станогіндегі алғашқы құйманы фин соғысының ардагері, мыс қақтаушы А.Г.Сугробов қабылдады. 1943- жылы заводта 686 әйел жұмыс істеді, бұл жұмысшылар құрамының 49,5% еді. Мамырда жұмысшылар жоспардың 95% берсе, шілдеде өнім өндіру 113% артты. Прокат дайындаушылар соғыс аяқталғанша социалистік жарыс жеңімпаздары туына тұрақты түрде ие болып келді.

Жеңімпаздар туына 1943 - жыл 4 рет, 1945-жылы 8 рет ие болды. 1943 - жылы қараша айында «КСРО - дағы ең үздік түсті металдар өңдеу заводы» атағына ие болды.



Соғыс жылдарындағы түсті металдар
өңдеу заводы жұмысшыларының
ерлігіне құрмет ретінде №1 цех
маңдайшасына орнатылған
мемориалдық тақта

